

Өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды бірынғай индустрияландыру картасына енгізу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 маусымдағы № 409 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 12 қазандағы № 903 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.10.2023 № 903 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды бірынғай индустрияландыру картасына енгізу қағидалары бекітілсін.

2. Өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды бірынғай индустрияландыру картасына енгізу қағидаларының 12-тармағының 7) тармақшасының қолданысы 2023 жылғы 29 маусымға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұрған кезеңде осы тармақша мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"7) жобаны іске асыру кезінде жер учаскесін және жер қойнауын пайдалану құқықтарын беру қажет болған жағдайларда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органының бос жер учаскесінің және жер қойнауын пайдалану құқықтарының бар екенін раставтын хатының көшірмесі, сондай-ақ жобаны іске асыруға бөлінген алаңның орналасқан жерінің координаталарын (схемасын) және жоспарланатын ауданын көрсете отырып, жер учаскесін және жер қойнауын пайдалану құқықтарын алдын ала таңдау актісінің көшірмесі".

3. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайилов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 20 маусымдағы
№ 409 қаулысымен
бекітілген

Өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Зан) 8-бабының 4) тармақшасына сәйкес өзірленді және өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі үфымдар пайдаланылады:

1) бірыңғай индустрияландыру картасы – өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері іске асыратын өнеркәсіптік-инновациялық жобалардың жиынтығы;

2) бірыңғай индустрияландыру картасының мәселелері жөніндегі штаб – өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органның, салалық министрліктер мен ведомстволардың, ұлттық холдингтер мен даму институттарының, сондай-ақ басқа да мұдделі үйымдардың қызметкерлері қатысатын өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган жанындағы жобаларды бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу үшін қарau мәселесі жөніндегі комиссия (бұдан әрі – штаб);

3) жауапты мемлекеттік орган – өнеркәсіптік-инновациялық жобаны іске асыруға жауапты мемлекеттік орган;

4) жергілікті уәкілетті орган – кәсіпкерлік және өнеркәсіп саласында дамыту, үйлестіру, реттеу және басқару функцияларын жүзеге асыратын, тиісті аумақта өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысатын облыстың (респубикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органды;

5) қарсы міндеттемелер – Заңға сәйкес өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну кезінде қабылданатын өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің және мемлекеттің өзара міндеттемелері;

6) өнеркәсіптік-инновациялық жоба – технологиялар трансфертіне, жаңа өндірістер құруға (жұмыс істеп тұрғандарын жетілдіруге) және (немесе) инновациялық қызметті жүзеге асыруға бағытталған, белгілі бір уақыт ішінде іске асырылатын іс-шаралар кешені;

7) өнеркәсіптік-инновациялық жүйе – өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысатын өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектілерінің, инфрақұрылым мен Қазақстан Республикасында өнеркәсіпті ынталандыруға және инновацияларды қолдауға бағытталған құралдардың жиынтығы;

8) өнеркәсіптік-инновациялық қызмет – еңбек өнімділігін арттыру мақсатында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ескере отырып, өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды іске асыруға, өндеге өнеркәсібінің отандық тауарларын, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерін ішкі және (немесе) сыртқы нарықтарға ілгерілетуге байланысты қызмет;

9) өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – өнеркәсіп саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіру мен өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыруды іске асыруға қатысады жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

10) өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шаралары – өндеге өнеркәсібі мен өнеркәсіптік-инновациялық қызметті дамыту мақсатында мемлекет қолданатын, Заңға сәйкес жүзеге асырылатын ынталандыру шаралары;

11) өтінім беруші – жобаны жоспарлауды және іске асыруды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

2-тaraу. Жобаларды бірыңғай индустрящандыру картасына енгізу тәртібі

3. Бірыңғай индустрящандыру картасына өнеркәсіп салаларындағы мемлекеттік ынталандыру шараларын алуды жоспарлайтын өнеркәсіптік-инновациялық жобалар енгізіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2023 № 225 қаулысымен.

4. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.03.2023 № 225 қаулысымен.

5. Уәкілетті орган, өзге де мемлекеттік органдар, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік ынталандыру шараларын қараша, келісу және ұсыну кезінде мынадай өлшемшарттардың бірін басшылықта алуға міндетті:

1) инновациялық – жаңа немесе айтарлықтай жақсартылған өнімдерді (тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді), технологияларды немесе процестерді одан әрі енгізуді және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ескере отырып, оларды жасау арқылы қызметтің экономикалық тиімділігін арттыруға бағытталу;

2) бәсекеге қабілеттілік – ұқсас өнеркәсіптік-инновациялық жобалармен салыстырғанда шығарылатын өнімнің, көрсетілетін жұмыстардың және (немесе) ұсынылатын қызметтердің төмен өзіндік құнынан, жоғары сапасынан, өсіп келе жатқан сұранысынан және өзге де қасиеттерінен көрініс табатын бәсекелік артықшылықтар;

3) ауқымдылық – Қазақстан Республикасын өнеркәсіптік дамыту үшін өнеркәсіптік-инновациялық жобаны іске асыру маңыздылығы;

4) экспортқа бағдарлану – шығарылатын өнімнің, көрсетілетін жұмыстардың және (немесе) ұсынылатын қызметтердің кемінде бір шет елге орнықты экспорттауда әлеуеттің болуы;

5) еңбек өнімділігі – өндіріс көлемі мен өндіріске жұмсалған еңбек ресурстарының, жұмыс уақытының арақатынасы.

6. Мемлекеттік ынталандыру шараларын алған жобаларды бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу кезең-кезеңімен жүргізіледі:

1) бірінші кезең – өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысатын өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектілерінен уәкілетті органға ақпарат беру;

2) екінші кезең – жобаларды уәкілетті органда қарau.

7. Бірыңғай индустрияландыру картасына мемлекеттік ынталандыру шараларын алуды жоспарлап отырған жобаларды енгізу кезең-кезеңімен жүргізіледі:

1) бірінші кезең – жобаларды жергілікті уәкілетті органда қарau;

2) екінші кезең – жобаларды уәкілетті органда қарau.

7-1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1418 қаулысымен бекітілген индустрияландыру картасында, сондай-ақ облыстар мен респубикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдіктерінің 2022 жылғы 7 шілдені қоса алғанға дейінгі қаулыларымен бекітілген өнірлік кәсіпкерлікті қолдау карталарында көзделген, іске асырылып жатқан жобалар осы Қағидаларда белгіленген рәсімдерден өтпей-ақ бірыңғай индустрияландыру картасына енгізіледі.

Ескерту. 2-тарау 7-1-тармақпен толықтырылды - КР Үкіметінің 22.09.2022 № 725 қаулысымен.

3-тарау. Өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысатын өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектілерінен уәкілетті органға ақпарат беру

8. Өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысатын өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектілері тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін уәкілетті органға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық және/немесе қағаз жеткізгіштерде мемлекеттік ынталандыру шараларын алған өнеркәсіптік-инновациялық жобалар және/немесе кәсіпорындар бойынша ақпарат (бұдан әрі – ақпарат) жібереді.

Бұрын ұсынылған ақпарат өзгерген кезде өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысатын өнеркәсіптік-инновациялық

жүйе субъектілері бұл туралы уәкілетті органды өзгерістер фактілері анықталған кезден бастап 10 жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

Бірыңғай индустрияландыру картасында қамтылған ақпарат осы Қағидалардың 9, 10, 27 және 29-тармақтарында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жаңартылады.

Өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысатын өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектілері осы Қағидалар қолданысқа енгізілген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде уәкілетті органға электрондық және/немесе қағаз жеткізгіштерде толтырылған ақпаратты жібереді.

9. Уәкілетті орган өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысатын өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектілерінен алғынған ақпаратты 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарайды.

Жіберілген ақпарат сәйкес келмеген кезде уәкілетті орган анықталған ескертулер мен сәйкесіздіктердің толық тізбесін көрсете отырып, ақпаратты өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысатын өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектілеріне қайтарады.

10. Ақпарат қайтарылған жағдайда өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысатын өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектілері анықталған ескертулер мен сәйкесіздіктердің толық тізбесін алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпаратты пысықтайды және уәкілетті органның атына қайта жібереді.

4-тaraу. Жобаларды жергілікті уәкілетті органның қарауы

11. Өтінімдерді қабылдауды жергілікті уәкілетті орган тұрақты негізде жүзеге асырады.

12. Өтінім беруші жобаны бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу үшін тиісті өнірдің жергілікті уәкілетті органына мынадай құжаттарды электрондық және қағаз жеткізгіштерде қолма-қол ұсынады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаны бірыңғай индустрияландыру картасына енгізуге арналған өтінім;

2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім беруші бекіткен жоба паспортының көшірмесі;

3) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім беруші бекіткен жобаны іске асырудың жоспар-графигінің көшірмесі;

4) жобаны қаржыландырудың пысықталғанын растайтын құжаттардың көшірмелері (ниеттер туралы меморандум және келісім және/немесе жобаны қаржыландыру туралы шешім);

5) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жоба бойынша ақпарат;

6) мынадай мәліметтерді қамтитын 1 парақтағы слайд-тәнисстырылым: жобаның атауы, жобаның мақсаты; өтінім беруші; іске асыру орны; іске асыру кезеңі; жобаның жалпы құны; қаржыландыру құрылымы; күтілетін нәтижелер; құрылымы және пайдалану кезеңінде жұмыс орындарын құру;

7) жобаны іске асыру кезінде жер участекінің және жер қойнауын пайдалану құқықтарын беру қажет болған жағдайларда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органының бос жер участекінің және жер қойнауын пайдалану құқықтарының бар екенін растайтын хатының көшірмесі, сондай-ақ жобаны іске асыруға бөлінген алаңның орналасқан жерінің координаталарын (схемасын) және жоспарланатын ауданын көрсете отырып, жер участекінің және жер қойнауын пайдалану құқықтарын алдын ала тандау актісінің көшірмесі.

13. Жергілікті уәкілетті орган құжаттар осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес келмеген жағдайда құжаттарды өтінім берушіге берілген күні қарамай қайтарады.

14. Құжаттар қайтарылған жағдайда өтінім беруші жол берілген сәйкесіздіктерді жойғаннан кейін қайта жүргінеді.

15. Ескертулер болмаған кезде өтінім қабылданады, журналға тіркеледі, өтінімнің көшірмесі құжаттардың қабылданғаны туралы белгі қойылып өтінім берушіге тапсырылады.

16. Жергілікті уәкілетті орган өнірлік сараптаманы жүргізеді.

Әрбір жобаға өнірлік сараптаманы жүзеге асыру мерзімі өтінім тіркелген кезден бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

17. Өнірлік сараптаманың қорытындысы мынадай құрылым бойынша жүзеге асырылады:

- 1) жобаның коммерциялық бөлігінің пысықталу дәрежесі;
- 2) жобаны іске асырудың негізгі бастапқы шарттарының болуы;
- 3) инфрақұрылым мәселесінің пысықталуы;
- 4) экологиялық қауіпсіздік және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану;
- 5) рентабельділік;
- 6) өнірдің бағдарламалық құжаттарына сәйкес келуі;
- 7) жоба бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар.

18. "Жобаның коммерциялық бөлігінің пысықталу дәрежесі" деген бөлімде жоба бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:

- 1) өнімдерді/көрсетілетін қызметтерді өткізуі талдау, төлемге қабілетті сұраныстың болуы, нарықтағы бәсекелестік дәрежесі;
- 2) маркетингтік жоспардың пысықталу дәрежесін, болашақ өнімдерді/көрсетілетін қызметтерді өткізу арналарын бағалау.

19."Жобаны іске асырудың негізгі бастапқы шарттарының болуы" деген бөлімде жоба бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:

1) жобаны іске асыру үшін қажетті мәлімделген активтердің болуы (жер участкесі, өндірістік база, негізгі және ақша қаржатының болуы, ауыртпалықтың/ активтерге тыйым салудың болмауы);

2) қаржыландыру құрылымының пысықталуын талдау, қаржы ұйымдарымен жобаны қаржыландыру туралы меморандумдардың/ келісімдердің болуы;

3) шикізат көздерін, оны тасымалдау схемалары мен құралдарын талдау, шикізат берушілермен келісімдердің болуы, шикізаттың/дайын өнімнің оңтайлы/ барынша көп қорларын сақтау үшін қоймалардың жайластырылуы;

4) құрылыш және объектіні пайдалануға беру кезеңдерінде құзыретті менеджерлердің және мамандардың болуы;

5) техникалық жабдықты пайдалану бойынша персоналды оқытудың қазіргі/ жоспарланып отырған бағдарламасын талдау;

6) өндіріс технологияларының баламалы нұсқаларын және жабдық берушілерді талдау; жабдықты жеткізу және монтаждау кестесі, инновациялық құрамдастың болуы; тиісті лицензиялар мен сертификаттардың немесе оларды алу жөніндегі іс-шаралар жоспарының болуы.

20. "Инфрақұрылым мәселесінің пысықталуы" деген бөлімде сыртқы және ішкі коммуникациялардың әзірлік дәрежесі, сондай-ақ қажетті мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілген инфрақұрылымды дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары сипатталады.

21. "Экологиялық қауіпсіздік және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану" деген бөлімде жобаның экологиялық аспектілері, олардың қоршаған ортаға әсері, табиғатты қорғау іс-шараларының болуы, заманауи ресурс үнемдейтін және энергия үнемдейтін технологияларды енгізу, баламалы энергия көздерін қолдану, өндірістің қоршаған ортаға теріс әсерін қысқарту жөніндегі шаралар сипатталады.

22. "Рентабельділік" деген бөлімде жоба тиімділігінің қаржылық көрсеткіштерін талдау, өтелу мерзімі, IRR кірістіліктің ішкі нормасы, NPV таза дисконтталған кіріс көрсетіледі.

23. "Өнірдің бағдарламалық құжаттамаларына сәйкес келуі" деген бөлімде мәлімделген жобаның өнірді дамытудың негізгі стратегиялық және жоспарлы құжаттарына сәйкес келуін талдау жүргізіледі.

24. "Жоба бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар" деген бөлімде жобаны сәтті іске асыру үшін қажетті мемлекеттік қолдау шараларының тізбесі және оларды алу тетігі көрініс табады, сондай-ақ оң немесе теріс уәжді қорытынды не себептерін негіздей отырып, жобаны пысықтау туралы ұсыным беріледі.

25. Өнірлік сараптаманың қорытындысы екі данада ресімделеді және ол өткізілген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде бір данасы өтінім берушіге жіберіледі, біреуі жергілікті уәкілетті органда қалады.

26. Бірыңғай индустрияландыру картасына енгізуге үміткер жобалар бойынша жергілікті уәкілетті орган өнірлік сараптаманың қорытындысы ресімделген кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде материалдарды уәкілетті органға жібереді.

5-тарау. Уәкілетті органның жобаларды қарауы

27. Өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысатын өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектілерінен және жергілікті уәкілетті органдардан өтінімдердің түсінен қарай, тоқсанына бір реттен сиретпей уәкілетті орган ақпаратты жүйелейді және штаб отырысында қаралатын бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу туралы ұсыныстар бар өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды жалпы жинақтауды жүзеге асырады.

28. Штаб негізгі параметрлерді енгізу, алып тастау және өзгерту, бірыңғай индустрияландыру картасының өнеркәсіптік-инновациялық жобаларының басымдықтарына жатқызу жөнінде ұсыныстар тұжырымдайды, сондай-ақ бірыңғай индустрияландыру картасының өнеркәсіптік-инновациялық жобасын іске асыруға жауапты мемлекеттік органды айқындайды.

29. Штаб материалдар келіп түскен кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мынадай:

- 1) жобаларды бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу туралы;
- 2) жоба бойынша анықталған ескертулер мен сәйкессіздіктердің толық тізбесін көрсете отырып, жобаны жергілікті уәкілетті органға пысықтауға қайтару туралы;
- 3) осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген бірыңғай индустрияландыру картасының өлшемшарттарына сәйкес келмеген кезде бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.03.2023 № 225 қаулысымен.

30. Хаттамалық шешім қабылданғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті орган оның көшірмесін жергілікті уәкілетті органдарға жауапты мемлекеттік органдарға жібереді.

6-тарау. Қорытынды ережелер

31. Жобалар штабтың хаттамалық шешімі шықкан кезден бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде өткізілетін бірыңғай индустрияландыру картасын

өзектілендіру қорытындылары бойынша енгізіледі. Бірыңғай индустрияландыру картасында қамтылатын ақпарат осы Қағидалардың 8-тармағының екінші бөлігіне сәйкес өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысатын өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектілері ұсынған өзгерістерді штабтың қарауы нәтижелері бойынша тұрақты негізде жаңартылып тұрады.

32. Жауапты мемлекеттік орган қарсы міндеттемелерді қабылдай отырып, осы Қағидаларға б-қосымшаға сәйкес жобаға өтінім берушіден алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісімді сұратады.

33. Жауапты мемлекеттік орган бірыңғай индустрияландыру картасының өнеркәсіптік-инновациялық жобасының негізгі параметрлерін алып тастау немесе өзгерту қажет болған кезде материалдарды уәкіледті органға қарау үшін жібереді.

34. Жобалар осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген өлшемшарттарға сәйкес келмей қалған және жоба бастамашысы себептерін көрсетіп жобаны іске асырудан бас тартқан жағдайларда өзектілендіру қорытындылары бойынша бірынғай индустрияландыру картасынан алып тасталады.

Ескеरту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2023 № 225 қаулысымен.

Өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу қағидаларына 1-көсімші

Нысан

Мемлекеттік ынталандыру шараларын алған өнеркәсіптік-инновациялық жобалар және (немесе) кәсіпорындар бойынша ақпарат

Ескеरту. 1-қосымша жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2023 № 225 қаулысымен.

2								
3								
4								
5								

"Мемлекеттік ынталандыру шараларын алған жобалар бойынша ақпарат нысанын" (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша түсіндірме:

- 1) мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсету кезінде нысанның 2, 8, 9, 10, 11, 12-бағандары тиісті ақпарат болған кезде толтырылады;
- 2) нысанның 1-бағанында жобаның реттік нөмірі көрсетіледі;
- 3) нысанның 2-бағанында жобаның атауы көрсетіледі;
- 4) нысанның 3-бағанында жобаға өтінім беруші немесе мемлекеттік ынталандыру шараларын алуға өтінім беруші көрсетіледі;
- 5) нысанның 4-бағанында экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші көрсетіледі;
- 6) нысанның 5-бағанында мемлекеттік ынталандыру шараларын алуға өтінім берушінің жобасы іске асырылатын облыс, қала, аудан, көше (бар болса), ғимараттың № (бар болса) немесе заңды мекенжайы көрсетіледі;
- 7) нысанның 6-бағанында жоспарлатын мемлекеттік ынталандыру шараларының атауы көрсетіледі;
- 8) нысанның 7-бағанында құндық мәнде көрсетілген мемлекеттік ынталандыру шаралары миллион теңгемен көрсетіледі;
- 9) нысанның 8-бағанында жобалау құжаттамасына немесе жоба паспортына немесе мемлекеттік ынталандыру шараларын алуға арналған өтінімге сәйкес пайдалану кезеңінде құрылған не жоспарланатын жұмыс орындарының саны көрсетіледі;
- 10) нысанның 9-бағанында жоба инвестицияларының құны немесе көлемі миллион теңгемен көрсетіледі;
- 11) нысанның 10-бағанында жобаның немесе жобалау құжаттамасына немесе жобаның паспортына немесе мемлекеттік ынталандыру шараларын алуға арналған өтінімге сәйкес мемлекеттік ынталандыру шараларын алуға өтінім берушінің заттай мәндегі қуаты өлшем бірліктерін көрсете отырып көрсетіледі;
- 12) нысанның 11-бағанында жобаның жобалау құжаттамасына немесе жобаның паспортына сәйкес құндық мәндегі қуаты көрсетіледі;
- 13) нысанның 12-бағанында жоба пайдалануға берілген жылы немесе пайдалануға беру жоспарланған жыл көрсетіледі;
- 14) нысанның 13-бағанында жобаны мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну кезінде айқындалған қарсы міндеттемелер көрсетіледі;
- 15) нысанның 14-бағанында жоба бастамашысының қарсы міндеттемелерді орындауы көрсетіледі;

16) нысанның 15-бағанында жобаның ағымдағы жағдайы көрсетіледі;

Нысанның көрсеткіштері нақты деректер бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніне дейін қалыптастырылады.

Өнеркәсіптік-инновациялық
жобаларды бірыңғай
индустрияландыру картасына
енгізу қағидаларына
2-қосымша

(облыс, қала)
кәсіпкерлік және өнеркәсіп
басқармасының басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Жобаны бірыңғай индустрологиялық картасына енгізуге өтінім

Бірыңғай индустрологиялық картасына енгізу үшін:

(ұйым атауы)

(жоба атауы)

жобасы бойынша өтінімді тіркеуді сұраймын.

Өтінімге мынадай құжаттарды қоса беремін:

Бірінші басшы:

Қолы: _____ М.О., толтырылған күні 20__жылғы "___" _____

Әкімдіктің жауапты жұмыскері:

Қолы: _____, №_____, қабылданған күні 20__жылғы "___" _____

осы өтінімнің көшірмесі өтінім берушіге беріледі

Өнеркәсіптік-инновациялық
жобаларды бірыңғай
индустрияландыру картасына
енгізу қағидаларына
3-қосымша
"БЕКІТЕМІН"

Отінім берушінің тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса),
лауазымы
20__ жылғы " "

Жобаның паспорты

Ескерту. З-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2023 № 225 қаулысымен.

P/c №	Көрсеткіштің атауы	Өлшем бірлігі	Мәні
1	2	3	4
1.	Жобаның атауы		
2.	Жобаның түрі		
1)	Жаңа жоба		
2)	Қазіргі өндірістің жаңғырту		
	Қазіргі өндірістің қуат түрі		
	Қазіргі өндірістің жобалық қуаты		
3.	Жобаның мақсаты		
4.	Жобаның сатысы: (төмендегілердің бірін таңдау)		
1)	Іске асырылуда		
2)	Жоспарланып отыр		
3)	Перспективалы		
5.	Жобаны іске асыру орны:		
1)	Облыс (анықтамалық)		
2)	Қала (анықтамалық)		
3)	Аудан (анықтамалық)		
6.	ӘАОК коды (анықтамалық)		
7.	Экономика саласы (анықтамалық)		
	ЭҚЖЖ коды (анықтамалық)		
8.	Жауапты мемлекеттік орган, холдинг		
9.	Жер участкесінің болуы (бөлінуі) (иә, жоқ)		
1)	Жер участкесін бөлу талап етіледі (иә, жоқ)		
2)	Участкенің қажетті ауданы		

9.1	Жобаны іске асыру үшін қажетті активтердің болуы (өндірістік база, негізгі және ақшалай қаржат)		
9.2.	Инфрақұрылымның болуы		
10.	Іске асыру мерзімі (ай, жыл саны)	ай, жыл – ай, жыл	
1)	Іске асыру кезеңдері	ай, жыл – ай, жыл	
11.	Құрылыштың басталуы (құрылышқа рұқсат алу)	ай, жыл	
12.	Құрылыштың аяқталуы (пайдалануға беру туралы мемлекеттік акт)	ай, жыл	
	Пайдалануға берілгенін растайтын құжаттың атауы, нөмірі және күні		
13.	Жобаның жалпы құны	млн теңге	
14.	Негізгі өндірілетін тауарлар және көрсетілетін қызметтер (атауы)		
1)	Өнім түрі (6 белгілі СЭҚ ТН) 1-кезең		
2)	Өнім түрі (6 белгілі СЭҚ ТН) 2-кезең		
...	Өнім түрі ...кезең		
15.	Жылына жобалық куаты:		
1)	Заттай мәнде	өлшем бірлігі	
2)	Құндық мәнде	млн теңге	
16.	Құрылыш уақытындағы жұмыс орындарының саны	адам	
17.	Пайдалану уақытындағы жұмыс орындарының саны	адам	
1)	Оның ішінде бейінді бағыттағы мамандар		
18.	Қаржыландыру құрылымы		
1)	Меншікті қаржат, оның ішінде:	млн теңге	
	Отандық жеке инвесторлардың қаржаты	млн теңге	
	Тікелей шетелдік инвестициялар (

	жарғылық капиталға қатысу)	млн тенге	
	Мемлекеттің бақылауындағы ұйымдардың қаражаты (жарғылық капиталға қатысу)	млн тенге	
2)	Қарыз қаражаты (лизингті қоса алғанда), оның ішінде:	млн тенге	
	Бас компаниялардың кредиттері	млн тенге	
	Отандық даму институттарының кредиттері	млн тенге	
	Екінші деңгейдегі банктердің (резиденттер) кредиттері	млн тенге	
	Ішкі облигациялық карыздар	млн тенге	
	Бюджеттік кредиттер	млн тенге	
	Сыртқы қарыздар, оның ішінде:	млн тенге	
	Каржы ұйымдарының (бейрезиденттер) кредиттері	млн тенге	
	Халықаралық даму институттарының кредиттері	млн тенге	
	Сыртқы облигациялық карыздар	млн тенге	
	Өзге көздер		
3)	Бюджет қаражаты, оның ішінде:	млн тенге	
	Респубикалық бюджет (бюджеттік бағдарламаның коды және атауы)	млн тенге	
	Жергілікті бюджет (бюджеттік бағдарламаның коды және атауы)	млн тенге	
19.	Өткізу нарығы:		
1)	Ішкі нарық	%	
2)	Экспортқа (елі)	%	
3)	Өнімді өткізу бойынша келісімдердің болуы		

20.	Жоба тиімділігінің көрсеткіштері:		
1)	NPV	мың теңге	
2)	Дисконтталатын мөлшерлеме	%	
3)	IRR	%	
4)	Өтелудің карапайым мерзімі	жыл	
5)	Өтелудің дисконтталатын мерзімі	жыл	
21.	Жобаның инновациялілігі:	иә/жоқ	
22.	Жобада қазақстандық тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің болуы	%	
23.	Жобаны дайындау мен іске асырудың ағымдағы жай-күйі		
24.	Шикізат (атауы, ел, тасымалдау құралы), шикізат жеткізіп берушілермен келісімнің болуы (компания атауы)		
25.	Өндіріс технологиясы (қысқаша атауы)		
26.	Жабдық (атауы, ел)		
27.	Жабдықты жеткізіп беруші (компания атауы, жеткізіп беру уақыты, тиісті лицензиялардың және сертификаттардың болуы)		
28.	Табиғатты қорғау іс-шарасы		

Жобаға өтінім беруші жөніндегі мәліметтер

	Занды тұлғаның толық атауы	
	Занды мекенжайы	
	Нақты мекенжайы	
	Телефон/факс/e-mail	
	ЖСН/БСН	
	Занды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы күәліктің нөмірі	

	мен күні немесе мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама
--	---

Инвестицияларды (курделі салымдарды) игеру жоспары

P/c №	Атауы	20__ жыл				
1	2	3	4	5	6	7
	1-кезең					
1.	Құрылыш-мон таждау жұмыстары					
	Жабдықтар					
	Өзге					
	2-кезең					
2.	Құрылыш-мон таждау жұмыстары					
	Жабдықтар					
	Өзге					

Қаржыландыру жоспары

P/c №	Атауы	Барлығы	20__ жыл				
1	2	3	4	5	6	7	8
	Барлығы, оның ішінде						
1.	Меншікті каражат						
	отандық же ке инвесторлар д ы н каражаты						
	тікелей шетелдік инвестиция ла р ((
	жарғылық капиталға қатысу)						
	мемлекеттің бакылауынд ағы ұйымдарды н қаражаты (жарғылық						

	капиталға қатысу)					
2.	Қарыз каражаты					
	б а с компанияла р д ы н кредиттері					
	отандық д а м у институттар ы ның кредиттері					
	екінші денгейдегі банктердің (резиденттер) кредиттері					
	і ш к і облигациял ық қарыздар					
	бюджеттік кредиттер					
	қаржы ұйымдарын ың (бейрезидент т е р) кредиттері					
	халықаралы қ д а м у институттар ы ның кредиттері					
	сыртқы облигациял ық қарыздар					
3.	Өзге көздер					
4.	Бюджет қаражаты, оның ішінде :					
	республика лық бюджет (бюджеттік бағдарлама ның коды және атауы)					
	жергілікті бюджет (

бюджеттік бағдарлама ның коды және атауы)				
--	--	--	--	--

Заттай мәндегі жобалық қуатқа шығу жоспары

P/c №	Атауы	Өлш. бірл.	20__жыл	20__жыл	20__жыл	20__жыл	20__жыл
1.	1-кезең						
	Куат түрі						
	Куат түрі						
2.	2-кезең						
	Куат түрі						
	Куат түрі						

Ақшалай мәндегі жобалық қуатқа шығу жоспары

P/c №	Атауы	Өлш. бірл.	20__жыл	20__жыл	20__жыл	20__жыл	20__жыл
1.	1-кезең						
	Куат түрі						
	Куат түрі						
2.	2-кезең						
	Куат түрі						
	Куат түрі						

Экспорттың заттай мәндегі жоспарлы көлемі

P/c №	Атауы	Өлш. бірл.	20__жыл	20__жыл	20__жыл	20__жыл	20__жыл
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	1-кезең						
	Экспорттал а т ы н тауардың түрі (анықтамалы к)						
2.	2-кезең						
	Экспорттал а т ы н тауардың түрі (

	анықтамалық)					
	Экспортталатын тауар түрі					

Жұмыскерлер мен мамандарға болжамды қажеттілік туралы

Р/с №	Кәсіптің (лауазымын) атауы	КМК базалық тобының коды (20_ анықтамалық)	Жұмыскерлерге қажеттілік (адам)				Талап етілетін білім деңгейі (тізім)	Талап етілетін біліктілік деңгейі (тарифтік разряд, санат) (тізім)
			20_	20_	20_	20_		
1.								
2.								
3.								

Жобаның жоспарлы нысаналы көрсеткіштері (іске асырылып жатқан жобалар үшін)

Р/с №	Атауы	Өлш.бірл.	Жыл					Талап етілетін білім деңгейі (тарифтік разряд, санат) (тізім)
			20....	20....	20....	20....	20...	
1.	Отын-энергетика ресурстары на қажеттілік, оның ішінде :	3	4	5	6	7	8	
	Электр энергиясы	кВт.сағ						
	Жылу энергиясы	Гкал						
	Газ	жылына/ мың м3						
	Көмір	жылына/ тонна						
	Мұнай өнімдері (мазут, дизотын)	тонна						
	Су	жылына/м3						
2.	Инфрақұрылымға							

	қажеттілік, оның ішінде :					
	Электр желілері	КС мВт				
	Жылу желілері	КМ				
	Су құбыры желілері	КМ				
	Кәріз желілері	КМ				
	теміржол инфрақұрыл ы м ы (магистральд ы қ теміржол желісі, кірме жолдар)	КМ				
	Автомобиль жолдары	КМ				
3.	Көлік (қосымша көрсетілетін қызметтерге қажеттілік)					
	Жүк тасымалдау көлемі	мың тонна				
	Теміржол көлігімен	мың тонна				
	Су, теніз көлігімен	мың тонна				

Өнеркәсіптік-инновациялық
 жобаларды бірыңғай
 индустрияландыру картасына
 енгізу қағидаларына
 4-қосымша
 "БЕКІТЕМІН"

өтінім берушінің тегі, аты,
 әкесінің аты (бар болса),
 лауазымы
 20__ жылғы "___"

Жобаны іске асырудың жоспар-графигі

P/c №	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі

1.	*	
2.		
3.		

*Мысалы:

- 1) жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу;
- 2) құрылым-монтаждау жұмыстары, оның ішінде іске қосу кешендері бойынша;
- 3) пайдалануға беру, оның ішінде іске қосу кешендері бойынша;
- 4) жобалық қуатқа шығу.

Өнеркәсіптік-инновациялық
жобаларды бірынғай
индустрияландыру картасына
енгізу қағидаларына
5-қосымша
"БЕКІТЕМІН"

Отінім берушінің тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса),
лауазымы
20__ жылғы " "

Өнеркәсіптік-инновациялық жобалар үшін жоба бойынша ақпарат

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.03.2023 № 225 қаулысымен.

1. Жобаның түйіндемесі.
2. Саланың сипаты.
3. Өнімді өткізу жөніндегі жобалар мен жоспарлар.
4. Жобаны іске асыру жоспары.
5. Қаржылық жоспар мен болжамдар.
6. Тәуекелдер мен тәуекелді төмендететін факторлар.
7. Әлеуметтік аспект.
8. Қоршаған ортаға әсері.
9. Қосымшалар.

1. Жобаның түйіндемесі

Түйіндеме жобаға қысқаша шолуды білдіреді және үш параптан аспайтын көлемде ұсынылған бөлімдердің ішінде неғұрлым маңыздысы болып табылады.

1. Түйіндеме мынадай ақпаратты қамтиды:

 - 1) жобаның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттары, жеке өнірге де, тұтас ел экономикасына да мультипликативтік әсері, жобаның өтелу кезеңіне дейінгі ақша ағынының болжамы;

2) инвестицияларға қажеттілік, қаржыландыру құрылымы және көздері, капитал салымдарын қайтарудың есеп-қисабы, болжамды кепілді қамтамасыз ету тізбесі және олардың нарықтық құны (қажет болған кезде бағалау күнін көрсету);

3) жобаны іске асыру кезінде қандай тәуекелдер және қандай сыйақылар туындауы мүмкін;

4) компанияның қысқаша сипаты;

5) жобаны іске асыру үшін активтердің (жер участкелері, өндірістік базалар және т.б.) болуы.

2. Саланың сипаты

1. Саланың сипаты:

1) саланың экономикалық секторын айқындау (өндіріс, бөлу, көрсетілетін қызметтер және т.с.с.);

2) өнеркәсіптің осы саласы ұсынатын негізгі өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі;

3) кәсіпорын жұмыс істейтін немесе жұмыс істеуі болжанатын нарық сегментінің сипаттамасы;

4) қазіргі негізгі клиенттердің сипаттамасы;

5) әлеуетті клиенттердің сипаттамасы.

3. Өнімді өткізу жөніндегі жоба мен жоспарлар

3. Өнімнің сипаты:

1) өнімнің осы түрін тандау негіздемесі;

2) өнімнің даму кезендері (идея, эскиздік жоба, жұмыс жобасы, тәжірибелік партия, қолданыстағы сериялық өндіріс).

4. Өнім нарығының сипаттамасы:

1) сұраныс пен нарық мүмкіндіктерін айқындау;

2) нарықтың ағымдағы үлесі, жобаны іске асырумен тікелей немесе жанама байланысты болжамды өзгерістер;

3) негізгі үрдістер мен нарықтың даму бағыттары (экспорттық әлеует).

5. Шикізат, материалдар нарығын және өндірістің өзге де факторларын зерттеу мен талдау:

1) өндірістің шикізаттық және өзге де факторларының сипаттамасы;

2) шикізатқа, материалдарға және өндірістің өзге де факторларына қолжетімділік (шикізат, материалдар және өндірістің өзге де факторлары үшін есеп айырысу тәртібі);

3) жабдықтау бағдарламасы (жобаның жұмыс істеуінің әрбір жылына, іркіліссіз жабдықтау кепілдігі мақсатында шикізатты жеткізу жөніндегі іс-шаралар);

- 4) жеткізіп беру бағдарламасы (әрбір жылға);
- 5) еңбек өнімділігі (өндіріс жаңғыртылған жағдайда).

6. Өнімді өткізу бағдарламасы:

- 1) бағаны есептеу және негіздеу, баға белгілеу;
- 2) өнімнің өзіндік құнын есептеу;
- 3) сату бағдарламасы (жобаны іске асырудың әрбір жылына);
- 4) сатудан күтілетін кіріс (әрбір жыл бойынша);
- 5) өткізуді ынталандыру.

7. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі:

- 1) негізгі бәсекелестер (атауы және қысқаша сипаты), олардың негізгі артықшылықтары мен кемшіліктері, нарықта иеленетін үлесі;
- 2) қолданылатын технологияларды салыстырмалы талдау;
- 3) негізгі бәсекелестердің бағаларын салыстырмалы талдау;
- 4) маркетинг және тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) бөлу стратегиясын салыстырмалы талдау.

8. Жобаны орындаудың заңнамалық және нормативтік базасы:

- 1) лицензия не рұқсат алу қажеттігі;
- 2) халықаралық ұйымдардың, республикалық және жергілікті басқару органдарының жобаның іске асырылуын шектеуі/қолдауы;
- 3) қажетті рұқсат беру құжаттарының болуы.

4. Жобаны іске асыру жоспары

9. Орналасқан жері (жоба орналасқан жерді таңдауға ықпал еткен негізгі факторларды көрсету):

- 1) шикізат көздері мен оны берушілерге қатысты орналасуы;
- 2) өнімдерді (көрсетілетін қызметтерді) тұтынушыларға қатысты орналасуы;
- 3) таңдалап алған алаңның кәсіпорынның өндірістік қуатына сәйкес келуі (жоба іске асырылатын алаңдағы объектілерді, оның ішінде ғимараттарды, құрылыштарды (паспорттық деректері, жай-күйі), құрылышжайларды (эстакадаларды, жерасты сақтау орындарын, ұнғымаларды және т.б.) қысқаша сипаттау).

10. Инфрақұрылым:

- 1) электрмен жабдықтау – электр жүктемесі (мВт), электр тұтыну (мың кВт/сағ), электр желісіне жалғауға техникалық шарттардың болуы, электр желілері (шаршы/км), қосалқы станциялар (дана/МВА), инфрақұрылым құрылышын қаржыландыру көзі;

2) жылумен жабдықтау – дербес көздер мен алаңшілік желілердің болуы, жай-күйі және қолда бар қуаты;

3) сумен жабдықтау – дербес көздер мен алаңшілік желілердің болуы, жай-күйі және қолда бар қуаты;

4) кәріз – дербес жинақтағыштар мен алаңшілік желілердің болуы, жай-күйі және қолда бар қуаты;

5) сарқынды су ағызы, тазарту әдістері, сарқынды сулардың сапасы, ағызып жіберу шарттары, қазіргілерін пайдалану немесе заманауи тазарту құрылыштарын салу;

6) газбен жабдықтау – тарату құрылғылары мен алаңшілік желілердің болуы, жай-күйі және қолда бар қуаты;

7) автожолдар – алаңшілік өтпекжолдардың болуы, жай-күйі және ұзындығы;

8) теміржолдар – тұйықтың болуы, жай-күйі және ұзындығы;

9) жүк және жолаушы терминалдары;

10) абаттандыру объектілері;

11) басқа коммуникациялар;

12) шикізатты өндірістік алаңға жеткізу (алу) және оны сақтау тәсілі.

11. Технологиялық процестің сипаты:

1) технологияны таңдау негізdemесі (әлемдік стандарттарға сәйкес келуі, қазіргі аналогтарымен салыстыру, жаңашылдығы және/немесе Қазақстандағы немесе шетелдегі басқа жобаларда сынақтан өтуі);

2) таңдалған технологияның сипаты (практикада қолданылатын өнімдерді өндіру технологияларының нұсқаларын сипаттау, іске асырылатын жоба үшін нақосы технологияны таңдауға негіз болған техникалық өлшемшарттарды және балама нұсқалардың ауытқуын көрсете отырып, өнімдер өндірісінің қазіргі нұсқаларының негізгі жетістіктері мен кемшіліктеріне салыстырмалы талдау жүргізу);

3) технологияны сатып алуға шығындар (лицензиялар, патенттер, құқықтар, тұрақты төлемдер және басқалары);

4) өндірістік қуаттың негізdemесі;

5) кәсіпорын қуатын игеру серпіні;

6) технологиялық және өзге жабдық пен техниканың болуы және қажеттілігі, оларды сатып алу шарттары (қолда бар техника мен жабдықтың тізбесі, олардың ағымдағы жай-күйі, қажетті жабдық пен техниканың тізбесі, бәсекеге қабілетті бағасы, пайдаланылып жүрген жабдықпен технологиялық үйлесуі, жабдықты жеткізуудің әртурлі нұсқаларын салыстырмалы талдау);

7) жер участкеріне, ғимараттарға және құрылыштарға, коммуникацияларға қажеттілік.

12. Жобаны басқару және кадрларды орналастыру:

- 1) жобаны басқару құрылымы;
- 2) жұмыскерлер саны және кадрларды орналастыру;
- 3) еңбек ресурстарына және оқытуға қажеттілік.

5. Қаржылық жоспар мен болжамдар

15. Қаржыландыру және төлемдер графигі:
 - 1) аванстық төлемді енгізу мерзімі;
 - 2) сақтандыру және комиссиялық төлемдердің мерзімі;
 - 3) негізгі қарызды қайтару және олар бойынша пайыздарды төлеу графигі.
16. Өнім бірлігінің өзіндік құнын есептеу және шығындар сметасы.
17. Сатудан түскен кірістердің баптарын толық жазу (ай сайын шығарылатын өнімнің әрбір түрі бойынша өткізу көлемін көрсете отырып); маусымдық ауытқу болған кезде оларды ескеру.
18. Пайда мен залал туралы есепті болжау.
 - 1) шығындардың ірі баптары бойынша түсініктеме беріледі;
 - 2) дайын өнімді өткізу және шикізат сатып алу бағасы мен көлемінің маусымдық ауытқуы ескеріледі.
19. Қаржылық бағалаудың қарапайым тәсілдерінің көмегімен жобаны талдау:
 - 1) жобаның өтелуінің қарапайым мерзімі;
 - 2) пайданың қарапайым нормасы (жоба іске асырылатын әр жылы және тұтас жоба бойынша);
 - 3) рентабельділік, өтімділік және айналымдылық көрсеткіштерін талдау.
20. Белгісіздік жағдайларындағы талдау:
 - 1) сезімталдықты талдау (өндіріс көлемдері төмендеген кездегі жобаның тұрақтылығын, өткізу бағасын, шығындар сомасының ұлғаюын талдау);
 - 2) залалсыздықты талдау (жылына есептегендеге заттай және ақшалай мәндегі залалсыздық нүктесін айқындау).

6. Тәуекелдер мен тәуекелді төмендететін факторлар

Ресурстар тәуекелі, маркетингтік тәуекел, басқарушылық тәуекел, операциялық-өндірістік тәуекел, салалық тәуекел, құқықтық тәуекел, елдік және өнірлік тәуекелдер, жобаны аяқтау тәуекелі және басқалары:

- 1) тәуекелдің негізгі факторлары;
- 2) өзгерістердің болжамды сипаты мен диапазоны;
- 3) тәуекелдерді төмендету мен басқару жөніндегі болжанатын іс-шаралар, оның ішінде қажетті мемлекеттік ынталандыру шаралары.

7. Әлеуметтік аспект

- 1) өнірдегі әлеуметтік-мәдени және демографиялық жағдайдың сипаттамасы;
- 2) жобаның халықты жұмыспен қамтуға, біліктілікті арттыруға, білім беруге ықпалы және т.с.с.

8. Қоршаған ортаға әсері

- 1) қоршаған ортаға қолайсыз әсер етудің барлық болжанатын әсерлерін айқындау және қысқаша мазмұндау;
- 2) әрбір іс-шараның техникалық аспектісін ол қарсы бағытталған теріс әсермен қоса сипаттау;
- 3) жоба шеңберінде табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыру графигі;
- 4) жобаның жалпы құнына шамамен алғандағы сметаларды және теріс әсер етуді шектеу жөніндегі іс-шараларды іске асырумен байланысты бастапқы салымдарды, сол сияқты ағымдағы шығыстарды қаржыландыру көздерінің тізбесін енгізу;
- 5) жоба технологиясының қоршаған ортаға әсер етуі бойынша халықаралық стандарттар мен нормативтерге сәйкес келуі.

Қосымшалар

Қосымшаларда жоба бойынша ұсынылған мәліметтерді растай алатын немесе анағұрлым толық түсіндіре алатын құжаттар қамтылады, оларға мыналар кіруі мүмкін:

- 1) кәсіпорын немесе жоба басшыларының құзыretі мен жұмыс тәжірибесін растайтын өміrbаяндары;
- 2) маркетингтік зерттеулердің нәтижелері;
- 3) аудиторлардың қорытындылары;
- 4) өнім үлгілерінің фотосуреттері немесе бейнеролигі;
- 5) өнімнің толық техникалық сипаттамалары;
- 6) кәсіпорының жоспары;
- 7) кепілдік хаттар немесе өнім берушілермен және оны тұтынушылармен жасалған келісімшарттар;
- 8) жалға беру, жалдау шарттары, лицензиялық келісімдер;
- 9) экология және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі мемлекеттік қадағалау қызметтерінің қорытындылары;
- 10) журналдар мен газеттердегі кәсіпорынның қызметі туралы мақалалар.

Өнеркәсіптік-инновациялық

жобаларды бірынғай

индустрияландыру картасына

енгізу қағидаларына

6-қосымша

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісім (жобаға өтінім берушінің бланкісінде толтырылады)

(өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің толық атауы)
жауапты мемлекеттік орган, уәкілетті орган – _____
(органдардың атауы)
мынадай нысандар бойынша:

_____ кезең үшін
көрсеткіштері бойынша
алғашқы статистикалық деректерді ашуға келісім береді.
Жобаға өтінім берушінің басшысы

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын күжатта көрсетілсе)

Мөр орны (бар болса)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 20 маусымдағы
№ 409 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Жобаларды индустрияландыру картасына және өнірлер кәсіпкерлігін қолдау карталарына енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 32 қаулысы.

2. "Жобаларды индустрияландыру картасына және өнірлердің кәсіпкерлігін қолдау карталарына енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 32 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 23 қазандағы № 786 қаулысы.

3. "Жобаларды индустрияландыру картасына және өнірлердің кәсіпкерлікті қолдау карталарына енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 32 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № 601 қаулысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК